

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары		34 беттің 1 беті

**БЕКІТЕМІН**

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ

Ректоры



К.С. Байболов

2025 ЖЫЛ

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

УЕ-40-25

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ (ЖОБА) ТУРАЛЫ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығымен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшысы Абдуллаева Ж.Д.
3. Келісілді – Басқарма Мүшесі – Вице Ректор Рысбекова Ж.К.  
– Ғылым және инновация департаментінің директоры Оралбекова А.Қ.  
– Басқарма Мүшесі – Аппарат басшысы Сугирбекова К.С.  
– Заң қызметінің басшысы Ильясов Р.М.  
– Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы Тауасарова А.С.
4. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланып, мақұлданды № 3 30.09 2025 жылы
5. Енгізілді – 2025
6. Тексерілу мерзімі – 2027

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Шымкент, 2025

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 2 беті

## МАЗМҰНЫ

1.	Қолдану саласы	3
2.	Қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар	3
3.	Магистрлік диссертацияның (жобаның) орындауға қойылатын талаптар	4
4.	Жауапкершілік	16
5.	Жазбалар тізімі	17
6.	Келісу парағы	32
7.	Танысу парағы	33
8.	Өзгерістерді тіркеу парағы	34

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 3 беті

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Бұл ереже «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ ның (бұдан әрі – Университет) магистратураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша **магистрлік диссертация (жоба) құрылымын, рәсімдеу тәртібін және қорғау процедурасын** реттейді.

Ереже **магистранттарға, ғылыми жетекшілерге және кафедра меңгерушілеріне** арналған.

## 2. ҚОЛДАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰЖАТТАР

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» заңы.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

5. Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптар және онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы.

6. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен толықтырулар енгізілген.

7. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы Университетінің ережесі. Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық зерттеу) жұмыстары туралы (УЕ-43-25).

8. Ғылым және технологиялық саясат туралы. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңы.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 4 беті

### **3 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

#### **3.1 Жалпы ережелер**

3.1.1. Магистрлік диссертация (жоба) – бітірушінің ғылыми мазмұндағы біліктілік жұмысы, ол таңдалған тақырыптың логикалық бірлігін, жазылу барысын және қорытынды нәтижелерін қамтиды. Тақырып өзекті болуы және білім беру бағдарламасына, сондай-ақ қазіргі ғылыми жетістіктер деңгейіне сәйкес келуі қажет.

3.1.2. Магистрлік диссертацияның рәсімделуі мен сапасына кафедра меңгерушілері, магистранттар мен олардың ғылыми жетекшілері жауапты.

3.1.3. Магистратураның білім беру бағдарламасы негізінде: 2 жылдық ғылыми-педагогикалық магистратурада – магистрлік диссертация орындалады, 1,5 жылдық немесе 1 жылдық бейінді магистратурада – магистрлік жоба орындалады.

3.1.4. Диссертацияға жетекшілік келесі критерийлерге сай маманмен жүзеге асырылады:

"Ғылым кандидаты", "Ғылым докторы", "PhD" немесе тиісті сала бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық өтілі кемінде 3 жыл, ғылыми жарияланымдар тізімінде кемінде 5 мақала, оның ішінде Web of Science немесе Scopus деректер базасында импакт-факторы немесе процентиль көрсеткіші бар халықаралық рецензияланған журналдарда 1 мақала болуы қажет.

3.1.5. Магистрлік диссертация (жоба) ғылыми жетекші немесе салалық/аралас салалық консультанттар жетекшілігімен өз бетінше орындалады. Ғылыми жетекшінің кемінде 5 жыл тәжірибесі болуы тиіс.

3.1.6. Ғылыми жетекшінің міндеттері: магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау тапсырмаларын беру, жұмыс жоспары мен күнтізбелік кестесін әзірлеуге көмек көрсету, негізгі әдебиеттер мен анықтамалық материалдарды ұсыну, диссертацияны орындау барысын ағымдық бақылау және кеңес беру кестесін ұйымдастыру, бөлімдердің көлемін қарастыру және жұмыс барысын үйлестіру.

3.1.7. Ғылыми жетекші және зерттеу тақырыбы: магистрант оқуға қабылданғаннан кейін 2 ай ішінде Ғылыми кеңестің шешімі және ректордың бұйрығымен бекітіледі, бірінші курстың магистранты тақырып пен жетекшіні бекіту үшін 20 қыркүйекке дейін өтініш жазады, тақырып деректер базасынан таңдалады, қажет болған жағдайда бұрынғы нәтижелерге немесе зерттеу мүдделеріне сәйкес басқа тақырып таңдалуы мүмкін, кафедра мәжілісінде тақырыптың негіздемесі тыңдалып, бекіту немесе бас тарту шешімі қабылданады, факультет деканы 5 қазанға дейін ЖООКББ-ге тақырыптар мен ғылыми жетекшілерді бекіту туралы шешімін тапсырады.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 5 беті

3.1.8. ЖООКББ тақырыптар мен ғылыми жетекшілерді Ғылыми кеңеске бекіту үшін ұсынады.

3.1.9. Магистрлік диссертация (жоба) қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерге негізделіп, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалады. Жобада ғылыми-зерттеу бөлімдері, алдыңғы халықаралық тәжірибе және нақты практикалық ұсыныстар болуы тиіс.

3.1.10. Диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде бір ғылыми жарияланымда немесе ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі қажет.

## **3.2 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.2.1. Мазмұны, Нормативтік сілтемелер, Кіріспе, Негізгі бөлім (2–3 тарау), Қорытынды, Пайдаланылған әдебиеттер тізімі, Қосымшалар (болған жағдайда). Кіріспе бөлімінде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар қамтылады.

3.2.2. Диссертацияның (жобаның) негізгі бөлімін бөлімдерге, бөлімшелерге және тармақтарға бөлу керек. Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөліне алады.

3.2.3. Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптары болуы керек. Тармақтарға атау берілмейді. Атаулар бөлімдердің, бөлімшелердің нақты және қысқаша мазмұнын бейнелеуі тиіс.

3.2.4. Бөлімдердің, бөлімшелердің және тармақтардың атаулары абзацтан бастап астын сызбай, аяғында нүктесіз бас әріппен жазылады. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, онда оларды нүктемен ажыратады.

## **3.3 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) ҚҰРЫЛЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.3.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) көлемі 50–70 бетті құрайды. Жекелеген бағыттар бойынша көлем 100 бетке дейін болуы мүмкін.

3.3.2. Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтері: сыртқы беті (нөмірленбейді, 1-қосымша), титул парағы (2-қосымша), мазмұны (3-қосымша), нормативті сілтемелер, анықтамалар, атаулар мен қысқартулар, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі (міндетті түрде түпнұсқа бойынша, 4-қосымша), қосымшалар, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі диссертация (жоба) рефераты жатады.

3.3.3. Титул беті – диссертацияның (жобаның) бірінші беті, құжатты рәсімдеу және іздеуге қажетті ақпаратты береді. Нөмір қойылмайды және 2-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 6 беті

3.3.4. Магистрлік диссертация кіріспеден, бөлімдердің сандары мен аттарынан, бөлімшелер мен баптардан (егер бар болса), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және диссертацияда көрсетілген қосымшалардан тұрады. Мазмұны 3-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

3.3.5. Мазмұн келесі талаптарға сай болуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі және білім беру бағдарламасының пәндік-біліктілік саласындағы маңызы, қорғалатын мәселелердің ғылыми маңыздылығы, диссертацияның «Кіріспе» бөлімінде тақырыптың өзектілігі, зерттеу мақсаттары мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, болжамдары, әдістері, базасы, ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы, құрылымы мен қосымшалары толық көрсетілуі қажет.

3.3.6. Стандарттарға сілтеме жасау: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған» деп басталады, тізім стандарттардың атауы мен белгілеу нөміріне қарай өсу ретімен көрсетіледі.

3.3.7. «Анықтамалар» элементі – диссертацияда қолданылатын терминдер мен олардың анықтамалары. Тізім келесідей басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда (жобада) келесі терминдер анықтамаларымен бірге қолданылады».

3.3.8. «Атаулар мен қысқартулар» – диссертацияда қолданылған атаулар мен қысқартулар. Олар мәтінде кездескен тәртіп бойынша толық атауларымен түсіндіріліп жазылады. Анықтамалар, атаулар мен қысқартуларды бір элементте көрсетуге болады.

3.3.9. Кіріспе бөлімінде: техникалық білім беру бағдарламалары үшін – зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, болжамдары, әдістері, базасы, ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы, қорытынды, қосымшалар, зерттеу нәтижелерін апробациялау және негізгі қағидалар көрсетіледі, әлеуметтік-гуманитарлық бағдарламалар үшін – зерттеудің өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, әдебиеттерге шолу, теориялық және әдістемелік негіздері, тақырыптың ғылыми өңделу дәрежесі, ғылыми жаңалық элементтері, тәжірибелік маңыздылығы, қорғалуға ұсынылатын негізгі жайттар, зерттеу нәтижелерінің апробациясы, жұмыс құрылымы көрсетіледі.

3.3.10. Негізгі бөлімде: зерттеу бағыты, әдістер, теориялық негіздер, салыстырмалы бағалау, қолданбалы зерттеулер (мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, компаниялар, оқу курстары), педагогикалық бағдарламаларда – компьютерлік, мультимедиялық, интернет-ресурстар және басқа ақпараттық технологияларды пайдалану, теориялық зерттеулердің мазмұны, есептеу және эксперименттік әдістер, әзірленген объектілердің сипаттары, зерттеу нәтижелерін талдау, болашақ бағытқа ұсыныстар, нәтижелердің дәлелділігі және отандық/шетелдік деректермен салыстыру, әр тарау және тармақ бойынша қысқаша қорытынды.

3.3.11. Қорытындыда құрамына: зерттеу нәтижелерінің қысқаша қорытындылары, нәтижелерді енгізуге арналған ұсыныстар, қойылған міндеттердің шешімін бағалау, инновациялық, ғылыми және өндірістік

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 7 беті

пайдалануға ұсыныстар, жаңалықтың техникалық-экономикалық өнімділігін салыстыру.

3.3.12. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертацияда қолданылған әдістерді көрсетуі тиіс, 4-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

3.3.13. Қосымшада енгізілуі мүмкін материалдар: аралық математикалық дәлелдеулер, формулалар мен есептеулер, қосалқы сандық мәліметтер кестелері, тәжірибелер, аппараттық сипаттама, нұсқаулықтар, әдістемелер, алгоритмдер мен есеп бағдарламалары, қосалқы суреттер (фото), диссертациялық жұмыстың нәтижелерін енгізу актілері және т.б.

3.3.14. . Автореферат/аңдатпа мазмұны: диссертацияның көлемі мен құрылымы, суреттер, кестелер, әдебиеттер саны, 15–20 кілттік сөздер, зерттеудің өзектілігі, мақсаты, объектісі, әдістері, алынған нәтижелер, жаңалығы, ғылыми және практикалық маңызы, жариялымдар туралы мәлімет.

3.3.15. Автореферат/аңдатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде рәсімделіп, магистранттың қолы қойылады.

#### **3.4 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

3.4.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтіні осы Ереженің талаптарына сәйкес дайындалады. Диссертацияның мәтінінің беттері, сонымен қатар оған енгізілетін суреттер мен кестелер А4 форматында болуы тиіс.

3.4.2. Мәтін А4 парағында бір интервалмен жазылады. Қаріп (шрифт) Times New Roman, кегль – 14. Мәтінді теру кезінде төмендегідей шегінулерді сақтау қажет: сол жақ – 30 мм, оң жақ – 10 мм, жоғарғы – 20 мм, төменгі – 20 мм; параграф шегінісі – 1 см.

3.4.3. Белгілі терминдерге, формулаларға немесе теоремаларға көңіл аудару үшін әртүрлі шрифттерді пайдалану рұқсат етіледі.

3.4.4. Магистрлік диссертацияның (жобаның) көлемі: гуманитарлық бағыттар үшін – 50–90 бет, жаратылыстану және техникалық бағыттар үшін – 50–90 бет.

3.4.5. Диссертациядағы (жобадағы) азаматтардың тегі, мекеме немесе ұйымдардың атауы, бұйымдар мен құрал-жабдықтар атаулары және өзге де атаулар **түпнұсқадағы тілде** келтіріледі. Қажет болған жағдайда диссертация тіліне аудару кезінде түпнұсқа атау жақшамен қосылып көрсетіледі.

3.4.6. Магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау кезінде кескіндердің сапасы, тығыздығы, айқындылығы мен нақтылығы бүкіл диссертация көлемінде біркелкі сақталуы қажет. Сызықтар, әріптер және белгілер нақты әрі оқуға ыңғайлы болуы тиіс.

3.4.7. Диссертацияны (жобаны) дайындау барысында анықталған қателіктерді түзету үшін: ақ бояумен жабу, мәтінді машинка арқылы немесе қолмен қара сия/тушьпен жазу қолданылмайды. Баспа қателері мен графикалық келеңсіздіктер түзетілмей қалуы мүмкін емес.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 8 беті

3.4.8. Мәтін парақтарын бүлдіруге, бұрынғы мәтіннің толық жойылмаған іздері қалуына жол берілмейді. Жалқы есімдер мен ұйымдардың атауларын диссертация (жоба) тіліне аудару кезінде түпнұсқа атауы (алғашқы берілуінде) жақшамен қосып көрсетілуі тиіс.

### **3.5 ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) БЕТТЕРІН НӨМІРЛЕУ**

3.5.1. Диссертацияның (жобаның) барлық мәтіні бойынша беттер **алмаспайтын** нөмірлеумен беріледі. Нөмірлер **араб цифрларымен** жазылады. Беттің нөмірі парақтың төменгі ортасына орналастырылады, нүктесіз.

3.5.2. Титул бетті диссертацияның (жобаның) жалпы нөмірленуіне қосылады, бірақ титул бетте бет нөмірі көрсетілмейді.

3.5.3. Жеке парақтарға орналастырылған суреттер мен кестелер де диссертацияның (жобаның) жалпы бет нөмірленуіне қосылады.

3.5.4. А3 пішініндегі суреттер мен кестелер **бір бет** ретінде есептеледі.

### **3.6 ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) БӨЛІМДЕРІ МЕН ТАРМАҚТАРЫН НӨМІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.6.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) бөлімдері араб цифрларымен реттік нөмірленеді, нүктесіз және абзацтық шегіністе көрсетіледі. Бөлімшелер әр бөлім ішінде нөмірленеді. Бөлімше нөмірі бөлім және бөлімше нөмірін нүктемен ажыратып құралады. Бөлімше нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер және бөлімшелер бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін.

3.6.2. Егер диссертацияда бөлімшелер жоқ болса, әр бөлімдегі тармақтар нөмірленеді. Тармақ нөмірі бөлім және тармақ нөмірін нүктемен ажыратып құралады. Тармақ нөмірінің соңында нүкте қойылмайды.

3.6.3. Егер мәтін тек баптарға бөлінсе, бүкіл магистрлік диссертация (жоба) жұмысы бойынша баптар реттік сандармен нөмірленеді.

3.6.4. Қажет болған жағдайда баптар кіші баптарға бөлінеді, және әр кіші бапқа өз реттік нөмірі беріледі. Мысалы: 4.2, 4.2.1, 4.2.1.2 және т.с.с.

3.6.5. Магистрлік диссертацияның (жобаның) әр құрылымдық элементі жаңа парақтан басталуы тиіс.

3.6.6. Диссертацияның (жобаның) мәтіні мен құрамына кіретін барлық қосымша беттер тұтас нөмірленуі қажет.

### **3.7 ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР МЕН СУРЕТТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.7.1. Иллюстрациялар (сызбалар, кестелер, карталар, жобалар, компьютерлік баспалар, диаграммалар, фотосуреттер) диссертацияда мәтіннен кейін орналастырылады. Алғашқы мәліметтер сол бетте немесе келесі бетте берілуі тиіс. Мысалы: «Сурет 1 көрсетілген».

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 9 беті

Суреттер компьютерде орындалған болуы мүмкін, оның ішінде түрлі-түсті нұсқалары рұқсат етіледі. Барлық суреттерге диссертация мәтінінде міндетті түрде сілтеме жасалуы керек.

3.7.2. Қосымшалардағы суреттерден басқа барлық суреттер араб цифрларымен нөмірленеді. Егер сурет біреу болса, ол «1 сурет» деп белгіленеді. «Сурет» сөзі және оның атауы сызықша арқылы жолдың ортасында орналастырылады. Сурет нөмірі бөлім нөмірімен және суреттің реттік нөмірінен құралады, нүктемен ажыратылады. Мысалы: 1.1 сурет. Мәтінде суреттерге сілтеме жасау кезінде: бөлім шегінде номерлеу қолданылмаса – «... 2 суретке сәйкес», бөлім шегінде номерлеу қолданылған жағдайда – «... 1.2 суретке сәйкес» деп көрсетіледі.

### **3.8 КЕСТЕЛЕРДІ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.8.1. Кестелер мәліметтерді салыстыру және көрнекілік үшін қолданылады. Кестенің атауы мазмұнын нақты әрі қысқа көрсетуі тиіс. Атауы абзацтық шегініссіз, сызықша арқылы кесте нөмірімен бірге сол жақ үстінде бір жолға орналастырылады. Кестенің бір бөлігін келесі бетке көшірген жағдайда: бірінші беттегі төменгі көлденең сызық жабылмайды; келесі беттегі бөлімнің сол жағында «Жалғасы» сөзі жазылады, кесте нөмірі көрсетіледі. Мысалы: «1 кестенің жалғасы».

3.8.2. Кестелер диссертацияда мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы тиіс. Барлық кестелерге мәтінде сілтеме жасалуы қажет, сілтеме жасағанда кестенің нөмірі көрсетіліп, «кесте» сөзі жазылады. Кестелерді бөлім шегінде нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда кесте нөмірі бөлім нөмірімен және кестенің реттік нөмірінен тұрады (нүктемен ажыратылады). Әр қосымшаның кестелері араб цифрларымен жеке нөмірленеді, қосымша белгісі қойылады.

3.8.3. Кестелер сол, оң және төмен жағынан сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтіннің қаріпінен кіші қаріп (мысалы, 12 кегль) қолдануға рұқсат етіледі. Егер көлденең немесе тік сызықтар болмағаны кестені қолдануды қиындатпаса, олар жүргізілмеуі мүмкін. Кестенің төменгі сызығы мен мәтін арасындағы қашықтық – 2 бос жол.

3.8.4. Ескертулерді абзацтан бастап, бас әріппен, астын сызбай жазу қажет. Ескертулер диссертацияда тек мәтіннің, кестенің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсініктеме немесе анықтамалық мәлімет қажет болған жағдайда жасалады. Ескертулер тиісті мәтіндік немесе графикалық материалдан кейін, кестеде болса – кестенің соңында, төменгі сызық үстіне орналастырылады. Бір ескерту болған жағдайда: «Ескерту – ...» деп жазылады; нөмірленбейді. Бірнеше ескерту болған жағдайда: араб цифрларымен нөмірленеді, нүктесіз. Кестеге ескертулер кестенің соңында, төменгі сызық үстіне жазылады. (Сурет 1 келтірілген).

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 10 беті

### Кестенің тақырыбы

--	--

1-сурет – Кестені рәсімдеу үлгісі

3.8.5. Кесте және суреттерді рәсімдеу кезінде пайдаланылған дереккөздерге сілтеме ескерту арқылы келесі тәртіпте көрсетіледі:

кесете үшін:

--	--

Ескерту – кесте [13] негізінде құрастырылған сурет үшін:

--	--

Ескерту – кесте [13] негізінде құрастырылған

### 3.9 ФОРМУЛАЛАР МЕН ТЕҢДЕУЛЕРДІ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.9.1. Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек, жеке жолға жазылуы тиіс. Әр формула немесе теңдеудің жоғарғы және төменгі жағында бір бос жол қалдырылуы қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, оны келесі жолға математикалық оператордан кейін жалғастыруға болады: (+) – қосу, (-) – азайту, ( $\times$  / X) – көбейту, (:) – бөлу. Белгі келесі жолдың басында қайталаынады. Формулаларды аудару кезінде көбейту белгісі ретінде «X» таңбасы қолданылады.

3.9.2. Формулалар диссертациялық жұмыста бастан аяқ реттік сандармен нөмірленеді. Нөмір жолдың оң жақ шетінде араб цифрларымен көрсетіледі. Мысалы:

$$A = a : b; \quad (1)$$

$$B = c : \quad (2)$$

3.9.3. Формулаларды формула редакторында келесі қаріп өлшемдерін пайдаланып теру қажет:

Әдеттегі: 14

Ірі индекс: 9

Кіші индекс: 7

Ірі символ: 30

Кіші символ: 14

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 11 беті

### **3.10 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.10.1. Диссертацияны жазуда магистрант пайдаланылған материалдар мен зерттеу нәтижелеріне сәйкес авторларға және әдебиеттерге сілтеме жасауы тиіс (4-қосымша).

3.10.2. Диссертацияда әдебиеттерге қатысты мәліметтер әдебиетке сілтеме жасау тәртібі бойынша орналастырылады. Әдебиеттер араб цифрларымен нөмірленіп, әр жаңа жолдан шегініссіз беріледі.

3.10.3. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшада көрсетіледі: «[1]». Бір әдебиетке бірнеше сілтеме берілсе, қатар нөмірінен басқа беттері де көрсетіледі: «[1, 52-б]». БАҚ-тан алынған ақпаратқа тек әдебиет нөмірі көрсетіледі: «[1]».

3.10.4. Стандарттар мен техникалық талаптарға сілтеме жасағанда тек белгісі көрсетіледі, егер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде толық мәлімет берілсе. Осы жағдайда стандарттың бекітілген жылы көрсетілмеуі мүмкін.

3.10.5. Электрондық дереккөздер мен интернет ресурстары пайдаланылған жағдайда, олар пайдаланылған әдебиеттер тізімінде толық URL мекенжайы мен ресурсқа кірген күні көрсетілуі тиіс.

### **3.11 ҚОСЫМШАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.11.1. Қосымшалар диссертацияның (жобаның) жалғасы ретінде келесі парақтарда орналастырылады немесе жеке құжат ретінде берілуі мүмкін. Қосымшалар диссертацияның басқа бөліктерімен бірге **жалпы нөмірленуі** керек.

3.11.2. Диссертация (жоба) мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме жасалуы тиіс. Қосымшалар диссертациядағы мәтінде көрсетілген сілтемелер ретімен орналастырылады.

3.11.3. Әр қосымшаны жаңа беттен бастау қажет. Беттің оң жақ жоғарғы бұрышында қосымшаның көрсеткіші мен дәрежесін көрсету арқылы «Қосымша» сөзі жазылады. Қосымшаның тақырыбы мәтінге симметриялы түрде, үлкен әріппен, бөлек жолда көрсетіледі.

3.11.4. Қосымшалар орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді, А әрпінен бастап (Е, З, Й, О, Ч, Ы, Ы, Ъ әріптері қолданылмайды). «Қосымша» сөзінің алдында оның ретін білдіретін әріп көрсетіледі.

### **3.12 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) АНТИПЛАГИАТ ЖҮЙЕСІНДЕ ТЕКСЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.12.1. Магистрлік диссертация (жоба) «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі» УЕ-13-24 және «Жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісі мен ғылыми қызметте қолдану тәртібі мен этикасы туралы» УЕ-05-25 ережесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 12 беті

3.12.2. Диссертацияның (жобаның) электрондық нұсқасы ғылыми жетекшілер мен кафедра меңгерушілер тарапынан қорытынды аттестаттау комиссиясының (ҚА) жұмысы басталардан 10 күн бұрын ЖООКББ орталығына тапсырылады.

3.12.3. Диссертация (жоба) ҚА жұмысы басталардан 3 күн бұрын **плагиатқа тексеруден** өткізіледі.

3.12.4. Тексеру 5 жұмыс күні мерзімінде жүргізіледі.

3.12.5. «Антиплагиат» жүйесі арқылы бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі **30%-дан және** жасанды интеллект контентінің ең жоғары рұқсат етілген көлемі **40%-дан аспаған** диссертация қорғауға жіберіледі. Тексеру нәтижесінің анықтамасы білім алушыға және/немесе ғылыми жетекшіге қағаз және/немесе электронды түрде беріледі.

Жасанды интеллектті қолданудың мақсатты бағыты (ұсыныс): мәтінді тілдік тұрғыдан өңдеу, грамматикалық және стилистикалық қателерді түзету, жұмыстың құрылымын жүйелеу, ғылыми ойды нақтылау, аударма жасау, әдебиеттерді іздеу мен талдауға бағыт беру сияқты қосымша мақсаттарда пайдаланылуы.

3.12.6. Егер диссертацияның (жобаның) мәтіні түпнұсқалық талаптарға сәйкес келмесе, жұмыс авторға тексеру анықтамасымен қайта қарау үшін қайтарылады.

### **3.13 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ АЛДЫН-АЛА ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҒА ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ**

3.13.1. Магистрант қорытынды аттестаттауға рұқсат алу үшін магистрлік диссертациясын білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын кафедрада алдын ала қорғаудан өткізеді. Алдын ала қорғау нәтижелері қорытынды аттестаттау комиссиясының (ҚА) жұмысы басталғанға дейін кемінде 1 ай бұрын тиісті кафедраға ұсынылады. Алдын ала қорғау кестесін ЖООКББ кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары негізінде бекітеді (5-қосымша).

3.13.2. Қорытынды аттестаттауға рұқсат алу үшін магистрант шығарушы кафедрада алдын-ала қорғаудан өтуі тиіс. Кафедра қорытындысында: «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмейді» деп көрсетіледі.

3.13.3. Магистратураның теориялық курсы толтық меңгерген, бірақ ғылыми-зерттеу компонентін орындамаған магистрантқа зерттеу компонентінің кредиттерін қайта игеруге және келесі оқу жылында диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

3.13.4. Магистрлік диссертацияны қорғау ғылыми жетекшінің оң пікірі (6-қосымша) болған жағдайда жүргізіледі. Егер ғылыми жетекші немесе кафедра «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берсе, магистрант диссертацияны қорғамайды.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 13 беті

3.13.5. Диссертация бойынша ресми рецензент ретінде басқа ұйымдардан ғылым докторы, ғылым кандидаты немесе PhD дәрежесі бар маман тағайындалады.

3.13.6. Кафедра рецензентті тағайындау үшін оның жұмыс орны, қызметі, ғылыми дәрежесі мен атағы, диплом бойынша базалық білімі және магистрлік диссертацияның тақырыбы бойынша жариялымдары (кемінде 3 жұмыс) туралы мәліметтерді Ғылыми кеңеске ұсынады. Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректорының бұйрығымен ресми рецензенттер тізімі бекітіледі. Рецензент ҚА мүшесі, ғылыми жетекші немесе Университет қызметкері болмауы тиіс.

3.13.7. Ресми рецензент диссертацияны қарап, балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес бағасын береді, «магистр» дәрежесін беру немесе бермеу мүмкіндігін көрсетеді және дәлелді қорытынды береді (7-қосымша).

3.13.8. Рецензенттің рецензиясы компьютерде басылып, берілген күні көрсетіліп, қол қойылады. Қолды ұйымның кадр бөлімінің бастығы растап, ұйымның мөрімен куәландырады.

3.13.9. Кафедра (білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын) қорытынды аттестаттау комиссиясының (ҚА) жұмысы басталардан 10 күн бұрын магистранттың келесі құжаттарын ЖООКББ орталығына ұсынады: аяқталған магистрлік диссертация (жоба); диссертация тақырыбының бекітілгені туралы Ғылыми кеңес шешімінің көшірмесі; ғылыми жетекшінің пікірі; ресми рецензенттің рецензиясы; бекітілген ғылыми еңбектер тізімі (ғалым хатшысы қол қойған) және жарияланымдардың көшірмелері (8-қосымша); «Антиплагиат» жүйесінде тексерілгендігі туралы анықтама.

### **3.14 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ**

3.14.1. Магистрлік диссертация (жоба) Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы Университеттің білім беру бағдарламаларына сәйкес құрылған қорытынды аттестаттау (ҚА) комиссиясында қорғалады.

3.14.2. Қорғау ҚА төрағасының жетекшілігімен өткізіледі.

3.14.3. ҚА комиссиясына кафедра меңгерушісінің қорытындысы негізінде келесі құжаттар ұсынылады:

- жеке оқу жоспарының орындалуы туралы анықтама;
- диссертация тақырыбы, жетекшісі және рецензенттері туралы мәлімет (9-қосымша);
- аяқталған магистрлік диссертация (жоба);
- ғылыми жетекшінің пікірі;
- ресми рецензенттің рецензиясы;
- плагиат жүйесінде тексерілгені туралы анықтама.

3.14.4. Қосымша ретінде диссертацияның ғылыми және тәжірибелік құндылығын сипаттайтын материалдар, тәжірибелік қызметті жүзеге асыратын

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-40-25
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	3- нұсқа
Магистрлік диссертация (жоба) туралы		34 беттің 14 беті

ұйымдардың жазбаша пікірлері, зерттеу нәтижелері, материалдардың үлгілері ұсынылуы мүмкін.

3.14.5. Қорғау ҚА комиссиясының ашық отырысында **мүшелердің 2/3 қатысуымен** өткізіледі.

3.14.6. Ғылыми жетекшінің қатысуы және сөз сөйлеуі міндетті.

3.14.7. ҚА хаттамалары бекітілген форма бойынша әр магистрантқа жеке жүргізіледі.

3.14.8. Магистрант 20–25 минут ішінде зерттеу мақсаты, міндеті, теориялық және практикалық мәні, қорытындылары мен ұсыныстарын баяндауы қажет.

3.14.9. Баяндамадан кейін комиссия мүшелері сұрақ қояды, магистрант жауап береді.

3.14.10. Ғылыми жетекшінің және ресми рецензенттің пікірі оқылады. Болмаған жағдайда, ҚА хатшысы оқиды.

3.14.11. Магистрант ескертулер мен сұрақтарға қысқаша жауап береді, қорытынды сөз беріледі.

3.14.12. ҚА бір күндік отырысында 16-тен артық жұмыс тыңдалмайды.

3.14.13. Хаттамаларды ҚА төрағасы және қатысқан мүшелер қол қояды.

